

А.К.Джалкатов, студент

З.Б. Умбеталина, филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы, ҚР.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ТІЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Мақалада қазіргі қазақ жастары арасындағы тіл мәдениетінің өзекті мәселелері қарастырылған. Қалыптасқан тілдік нормадан айырмашылығы бар қазіргі жастар тілінің ерекшеліктері сипатталып, жастардың ауызша және жазба тілінде кездесетін әдеби тіл нормасынан түрлі ауытқуларға нақты мысалдармен талдау жасалған, жастар тіліндегі сленг, жаргон, варваризм сияқты тілдік құбылыстардың қолданылу себептері анықталған.

Түйін сөздер: тілдік норманың бұзылуы, жастар тілі, тіл мәдениеті, сленг, жаргон.

Қазіргі жаһандану, интеграциялану, демократиялану заманында, қоғамдық сананың өзгеріп, жаңа жағдайға икемделіп, қайта құрылып жатқан жағдайында жастар да жаңа дәуірге өздерінің жаңа көзқарастарын қалыптасып, жаңаша ойлаумен дамып келеді. Жастар қоғамдық өмірде маңызды рөл атқаратын үлкен әлеуметтік ұтқыр топ болып саналатыны белгілі. Жас буын өкілдерін қоғамның басқа әлеуметтік топтарынан әрдайым жаңалық атаулының бәріне зор ұмтылыс, айналада болып жатқан барлық жаңалықтарға сол сәтте өз көзқарастарын білдіре алу, сенімділік, мәселенің байыбына бара бермеушілік қасиеттері ерекшелейді. Қоғамдағы түрлі өзгерістер ең алдымен тілде көрініс тауып отырады, ал жастар тілі қоғамның әлеуметтік өзгерістерінің айнасы десек қателеспейміз. Сондықтан кешегі жастар тілінен сөзсіз айырмашылығы бар бүгінгі жастар тілінің ерекшелігін мәселе ретінде қарастыру біздің зерттеуіміздің өзектілігін анықтайды.

Қоғамдық өміріміздің қай саласы болмасын белгілі бір ережелерге бағынады. Ал осы ереже, қағидалардан ауытқу қалыптан тыс құбылыс болып қабылданады. Біз белгілі бір тіл заңдылықтары мен ережелеріне, нормаларына бағынатын тілімізді бөтен сөзден арылтып, шұбарланудан, ластанудан қорғауымыз керек. Тілдік норма – тілдегі бірізділік, тілдік материалдарды нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағыну [1].

Туған тілдің гүлденіп, дамуы үшін сөйлеу мәдениетін, тіл мәдениетін сақтау қажет. Тіл мәдениеті – тіл нормалары мен ережелерін сақтау, тілімізді байытатын түрлі тілдік оралымдарды пайдалану... Зиялы адам үшін тіл мәдениеті оның білімділігі мен жалпы мәдениетінің көрсеткіші болып табылады. Әр адам өзінің сөйлеу мәдениетін сырттай бағалап, тілінің бөгде, паразит сөздермен былғанбауын аңдай білгені жөн. Сөйлеу мәдениеті қарым-қатынасымызды жағымды етіп қана қоймай, бізді рухани байытады. Филолог ғалымдар тіл мәдениеті жоғары тұлғалардың мынадай ерекше белгілерін атап көрсетеді:

1. Көпсөзді болмауы;
2. өз сөзінің мақсатын анық түсіне білуі;
3. баяндауының қарапайым, түсінікті және нақты болуы;
4. сөйлеу тіліндегі алуан түрлілік;

5. тілдік жағдаятқа байланысты тілдік құралдарды тандай білуі;
6. сөйлеу мәдениетінің биік үлгісін ұстану және оны ортаңқолды деңгейден ажырата білуі;
7. тіл мәдениетін білуі және оны меңгеруі;
8. кез келген әңгімелесушімен ортақ тіл табыса білу шеберлігі;
9. сыпайы және жағымды көңіл-күйде сөйлесуі;
10. сөйлей білуді ғана емес, тыңдау білуді де меңгеруі.

Тіл мәдениеті – тіл тағдырында ғана емес, жалпы ұлт тағдырында да маңызды орын алады. Тілдік норма соңғы кезде тез өзгерістерге түсіп жатыр, әсіресе, жастар тілі.

Біз – тәуелсіз, көпұлтты, бірлігі жарасқан елміз. Бүгінгі күні Қазақстанда тұратын кез келген этнос өкілі өз ұлтының салт-дәстүрлерін сақтап, өз ана тілін дамытуға мүмкіншілік алып отыр. Алайда, қазақстандық ретінде олардың әрқайсысы мемлекеттік тілді де білуге және құрметтеуге міндетті. Әр қазақ азаматы мемлекет құраушы ұлттың өкілі ретінде қазақ тілін біліп қана қоймай, оны жүрген ортасында насихаттап, ана тілінде сауатты да көркем сөйлеудің үлгісін көрсетіп жүрсе, қазақ тіліміз әлдеқашан Ата заңымызда көрсетілген мемлекеттік тіл мәртебесіне шынайы қол жеткізген болар еді. Әрине, қазақ тілінің қолдану аясы жылдан жылға кеңейіп келеді, оны қолданушылар саны да артуда. Елбасымыздың талап етуінен кейін Үкімет те қазақша сөйлей бастады. Жақында естіген енді бір жағымды жаңалық – еліміздегі барлық балабақшалар қазақ тілінде болады. Сырттай қарасак, бәрі дұрыс. Жоспарланған істер өз дәрежесінде жүргізіліп, атқарылған жұмыстар нәтижесін беріп жатыр. Еліміздің ертеңі – біз, жастар, біз де қазақша сөйлейміз. Алайда біздің қазақшамыз қалай, біз осы қалай сөйлеп жүрміз?

З. Кәленбаева [2], Ж. Нұрғали [3], Г. Акимбекова [4], А. Салқынбай [5] сияқты тіл жанашырлары облыстық және республикалық мерзімді басылым беттерінде тіліміздің болашағына төніп келе жатқан қатер туралы бірнеше қайтара жазып, жастардың тіл мәдениетінің төмендегеніне, тіліміздің бөгде сөздермен шұбарланып, жұтап бара жатқандығына жұртшылықтың қоғамның назарын аударып, дабыл қағып жүр.

Жинақталған тілдік материалдарды талдау барысында біз қазіргі жастар тіліне тән мынадай ерекшеліктерді байқадық:

- ✓ екі тілді (қазақ, орыс) араластырып сөйлеудің қалыпты жағдайға айналуы;
- ✓ шетел сөздерінің жастар арасында белсенді қолданылуы;
- ✓ жастардың ауызекі сөйлеу лексикасының барған сайын жаргондалуы;
- ✓ компьютерлік лексиканың белсенді қолданылуы;
- ✓ ауызекі сөйлеу тілінің сөйлеушінің әлеуметтік ортасына тәуелділігі.

Осының бәрі жастар арасында тіл мәдениетінің төмендеуіне әкеліп отыр. Тіл мәдениеті деген ұғымға тілші-ғалым Рабиға Сыздықова келесідей анықтама береді: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау нормаларын ұстану (лингвостилистикалық), орнықтыру, жетілдіру», – дейді [6]. Көріп отырғанымыздай, жастар тіліне тән ерекшеліктер деп жоғарыда атап көрсеткендеріміздің бәрі тіл мәдениетін бұзудың нақты көрінісі болып шықты.

Тіліміздің тазалығына қатер төндіріп тұрған бір құбылыс – күнделікті сөйлеуде қазақ тіліндегі сөздерге өзге тілдің қосымшаларын қосып, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін орысша құрап сөйлеу. Сөйлеуде жалпы қолданыстағы сөздерге орысша жалғау жалғап, өз тілімізде баламасы бола тұра, кірме сөздерді пайдаланып, оның үстіне қазақша қосымшаларды жалғап тарихи қалыптасқан сөйлемнің орын тәртібін бұзсақ – тілдегі бұзылу басталғаны [5]. Енді осы тілдік қателіктерге нақты тоқталайық:

1. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін бұзу. Мәселен, өз ойын, пікірін айтарда «мен ойлаймын» деп алып, не ойлайтынын содан кейін айту. «Мен ойлаймын, біз әдет-ғұрпымызды сақтауымыз керек деп». Яғни, сөйлем құрылымын орыс тіліндегі «я думаю, что...» дегендей құру.

2. Жіктік жалғауларының дұрыс қолданылмауы. Мәселен, «керек» деген сөзге жіктік жалғауының жалғануы дұрыс емес. «Біз жан-жақты білімді болу керекпіз», дұрысы «болуымыз керек»;

3. Сөздердің грамматикалық формасының өзгеріске ұшырап қолданылуы: бара жатырмыз «баратырық», келе жатырмыз – «келатырық», жүрміз – «жүрік», отырмыз – «отырық», тұрмыз – «тұрық» болып қолданылып жүр.

4. Сөйлеуде жалпы қолданыстағы сөздерге орысша жалғау қосу: «карттарский», «рахатизм»; өз тілімізде баламасы бола тұра, кірме сөздерді пайдалану: «остановкіде», «ручкімен жазу», «прическасы жақсы» т.б.

Кез келген тілдің лексикасы әдеби және әдеби нормаға жатпайтын сөздер болып екіге бөлінеді. Осы бейәдеби сөздерге варваризмдер, кәсіби сөздер, қарапайым сөздер, бейтарап сөздер, жастардың жаргондары мен сленгін жатқызуға болады. Соңғы кездерде жастар арасында сленг, жаргон, варваризмдерді қолдану көбеюде.

«Сленг» – фразеологизмге ұқсас, өзіндік лексикалық мағынасы бар, бірақ фонетикалық және грамматикалық жүйеге бағынбайтын, мысқылды сөздер. «Жаргон» – белгілі бір әлеуметтік немесе қызығушылығы ортақ топтардың басқаларға түсініксіз, құпия мағынада пайдаланатын сөздері.

Жастардың өзара қатысымда сленг сөздерді жиі қолдануы – қазақ тілінің тілдік нормаларын өрескел бұзып жүрген құбылыс. Мәселен, түсінікті, келістім деудің орнына – «базар жоқ», жалған сөйледі, жалған айтты деудің орнына – «құлақтан тепті», «құлаққа лапша ілді», қиындыққа тап болды – «қораға кірді», алдап кетті деудің орнына – «лақтырып кетті», оғаш қылық көрсету, бірденені дұрыс істемеу немесе таң қалдыру – «картопты жару», көндірді – «сындырды», сымбатты – «фигурасы ат», ойланып қалды, жауап бере алмады – «тормоз ұстап қалды», «зависать етіп қалды», менсінбеу – «блатной болу», «типаж болу», қысқа қоңырау шалу – «маяк тастау», «вызов тастау», мені ұнатып қалды – «маған сынып қалды», алдап кетті, қашып кетті – «қоянның суретін салып кетті», т.б. сөздер.

Осы сияқты әдеби тілге жатпайтын сөздер басқа елдердің тілдерінде де бар, тіпті олар саны жағынан әжептәуір көп. «Америкалық сленг сөздігі» авторларының бірі Стюарт Б. Флекснер мынандай мәліметтер келтіреді: әрбір американдықтың сөздік қорында шамамен 10000-20000 сөз бар. Оның 2000 сөзі сленг қатарына жатады. Яғни сленг жалпы лексика қорының 10-20 пайызын құрайды. Бірақ Стюарт Б. Флекснердің пайымдауынша, бұл лексика қоры әрбір американдыққа толығымен белгілі болса да, күнделікті сөйлесімде толығымен қолданылмайды. Ғалымдардың есептеуінше, АҚШ-та ағылшын тілінің сөздік қорында 10000 сленг сөзі бар, ал оның басқа бір түрлеріне 35000 сөз жатады: олар – кәсіби сленг, жаргонизмдер, арго, қанатты сөздер» [7].

Бүгінгі жастар сленг пен жаргондарды әртүрлі себептерге байланысты қолданады: әсер қалдыруы үшін; елден ерекше болу, өзгелер түсінбеу үшін; белгілі бір әлеуметтік топқа жататынын көрсету үшін; кейде әзіл ретінде де айтып жататындары бар. Соңғы уақытта жастар мен жасөспірімдердің компьютер ойындарымен әуестенуі күшейді, бұл компьютерлік сленгтің көбеюіне себеп болып отыр.

Әлеуметтік желілердегі сленг сөздердің тілімізге енуі заңдылық, өйткені тіл, әсіресе, жастар тілі жаңа пайда болған әлеуметтік құбылыстарға үнемі бейімделіп отырады, бірақ жаңа сөздердің бәрі бірдей қолданысқа ене бермейді. Мәселен, күнделікті араласымдағы ата-анасын – «махан», «пахан», «мамка-батялар», ағаның орнына «братан», тамақ - «хавчик», тамақтану - «хавать», маған келіп қонақ бол –

«маған тартыл», мені хабардар ет - «в курсах қыл», басқа мәселені айту «не по теме», әңгіме не туралы – «тема не?» т.б. сөздер мен сөз тіркестері ана тіліміздің ажарын ашпайды, құтын қашырады. Бұны әдет дейміз бе, кесел дейміз бе? Ана тілімізге жасалған қастандық дегеніміз дұрыс болар. Біз, бүгінгі жастар, ертеңгі маманбыз, сондықтан сөйлеу мәдениетіне аса мән беріп, тілдік қолданысымыздағы осындай олқылықтан арылуымыз қажет.

Қазақ студент жастарының тілдік қолданысындағы сленгті жасалуына қарай бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Орыс тілінен енген сөзді қазақ тіліндегі сөзбен тіркестіріп қолдану: «звезда болма» – менменсінбеуінді қой, өзінді жұлдыз санама; «косить етпе» – қиындықтан қашпа, «маяк таста» – қысқа қоңырау шал; «фигурасы ат» – сымбатты, «крышасы кеткен» – ақыл-есі дұрыс емес; «грузить етпе» – маған ештеңе айтпа; «базар жоқ» – әрине, әңгіме жоқ (толық келісу), «потеря болу» – сасып қалу, абыржып қалу, көңілсіз болу; «крышасы бар» – қолдайтын біреуі бар, т.б.

2. Ағылшын сөздерін өз мағынасында қолдану. Мәселен, «ок»- келістік, жарайды, «no problem» – әрине, әңгіме жоқ, «гоу», «гоунули» – кеттік, «шед» – сайтан алсын, «хай» – сәлем.

3. Қазақтың төл сөздерін ауыспалы мағынасында қолдану: «жынды» – керемет; «мал» – түсінігі таяз, топас; «лақтыру» – алдап кету; «кума», «қуалама» – өтірік айтпа; «сындыру» – көндіру; «сынып қалу»-ұнатып қалу; «ауылбай», «мәмбет»-артта қалған, мәдениеті жоқ.

4. Бастапқы мағынасын жоғалтқан орыс тілінен енген кірме сөздер: «тема», «класс», «клево» – керемет, тамаша; «гонщик» – өтірікші, «гонит» – өтірік айтып тұр; «тормоз», «тупой»-мәселені бірден түсінбей қалған адам, «прикол», «прикол ұстау»-әзілдеу, мазақ қылу.

5. Қазақ сөздеріне өзге тілдің жұрнақтарын жалғау: «рахатизм» – керемет, тамаша; «по казакбайский»-талғамсыз, қалай болса солай; «апашка», «агашка», «әжека» – адамның жасына қарай айтылатын қаратпа сөздер.

Зерттеушілер жоғары оқу орындарының 1 курс студенттерінің қазақ және орыс топтарының арасында сауалнама өткізіп, сонымен қатар оларға сленг қолдана отырып өзі туралы, қызығушылығы, достары туралы айтып беруді ұсынған. Сауалнама нәтижесі қазақ топтарында оқитын студенттердің орыс топтарындағы өз қатарластарына қарағанда сленгті аз қолданатындығын (1:2) көрсеткен[8].

Қазақ студенттерінің тілінде бір буыннан екіншісіне беріліп, жалғасып келе жатқан дәстүрлі жаргондар бар: «әбес», «балмұздақ» – абитуриент, талапкер, «автомат», «автомат алу»-бағаны емтихансыз алу, «шпора»-шпаргалка, общага-жатақхана, препод-оқытушы т.б.

Ғаламтордағы түрлі сайттар, шетелдік телеарналар мен ондағы бағдарламалар, компьютерлік ойындар жастар тілінде паразит сөздердің көбеюіне себепші болып отыр. Жаргондардан бөлек жастар қолданысында орыс тілінің компоненттерін де көп байқауға болады. Компьютер, интернет пайдалануда мынадай жаргондар жиі қолданылады: копировать ету – көшіру, сохранить ете сал – сақтап қой, удалить ет – өшір, зависать ету – монитордың әрекетсіз қалуы. Әрине, мұндай сөздер мен сөз тіркестері тіліміздің сұрқын бұзып, көркемдік стилін жоғалтуға апаратыны анық.

Тағы бір мәселе-орфографиялық және пунктуациялық қателер, ауызекі тіл элементтері, сөйлемдердің қысқаруы, сөздердің орын алмасуы. Мұндай қателіктер интернет қолданушыларының арасында бұрыннан қалыптасқан және оны өзгерту әзірге қиын болатын сыңайлы.

Әлеуметтік желілердегі хаттар мен жазбалардың кейбірінен дауысты дыбыстарды таба алмайсың. Мысалы, «dsm» - досым, «сл» - сәлем, «кдрп» - қыдырып, т.б. Жастарға

ойын неғұрлым тез, қысқа жеткізу тән. Алайда жылдам хат жазу үшін сөздердің ішіндегі дауысты дыбыстарды тастап кету – нағыз грамматикалық қателік. Сөздерді бөлек, бірге, дефис арқылы жазу ережелері де назардан тыс қалып жатады.. Біз осыған бой үйретіп алмауымыз керек, әлеуметтік желілерде де сауатты жазуға дағдыланайық.

Қазіргі жастар тез сөйлеймін деп, сөздерді қалай болса солай қолданады, бара жатырмыз деудің орнына «баратырық», келе жатырмызы «келатырық», жүрміз дегені - «жүрік», «тұрық», «отырық» болып кете береді.

Қазақ жастары үшін қазақша дыбыстарға қайта оралу, сонымен бірге, тілдік қорды ұлғайтып, сленг пен жаргон сөздерден арылу, ойдағы сөйлемді орысша құрап, оны қазақ тіліне сөзбе-сөз аударудан алшақтау мәселелері өте өзекті болып тұр.

Жастар тіліндегі енді бір ерекшелік – орфоэпиялық заңдылықтардың сақталмауы, яғни төл сөздеріміздің дұрыс дыбысталып айтылмауы. Біз сөйлеу мәдениетін ата-анамыздан, мектептен, жүрген ортамыздан, көркем шығармалардан, газет-журналдар мен теледидардан үйренеміз. Алайда, қазір көптеген телеарналар жастарға дұрыс сөйлеуді үйретуді былай қойғанда, керісінше, тілімізді шұбарлайтын қатерлі құралға айналып бара жатқан сыңайлы... Мұның басты себептерінің бірі телебағдарламаларды кәсіби білімі бар журналист-тілшілер емес, әншілер мен танымал адамдардың жүргізуінен бе деп ойлаймыз. Хабар жүргізушілер көбінесе сөзді орфоэпиялық ережелерді сақтамай, жазылуы бойынша ғана оқиды. Нәтижесінде төл сөздеріміз өзге ұлт өкілі сөйлеп тұрғандай естіледі, табиғи шықпайды, құлаққа жағымсыз, қасаң, жат естіледі.

Жастардың тіл тазалығына нұқсан келтіретін енді бір кемшілік – әдеби тілдің нормасына жатпайтын сөздердің бірі – варваризмдердің, бөтен тілдің сөздерінің көбірек қолданылуы. Варваризм – өз тілінде баламасы бола тұра, өзге тілде қолданылған сөздер. Кейде бір халықтың шынайы өмірін, тұрмыс-салтын суреттеп көрсетпек болғанда, сол елдің ұлттық ерекшелігін бейнелеу мақсатымен варваризмдер саналы түрде әдейі қолданылады. Алайда, көп жағдайда ол тілге деген немқұрайлылықтан туындайды. Мысалы: нормально, звонда, звонит ету, ладно, приколы, прикинь, давай, искәмейкі, остановка, доска, ручка, охрана, физра, т.б. оқу үдерісіне қатысты көптеген сөздерді студенттер көбінесе орыс тіліндегі нұсқасымен айтады. Қазір оқу орындарында орыс тобынан гөрі қазақ топтары жыл санап көбейіп келеді, дегенмен қазақ мектебін бітіріп келген студент жастардың екі сөзінің бірі қазақша баламасы бар орыс тіліндегі сөздер: расписание, ручка, лекция, поточный, экзамен, рубежка, зачетка, препод, стол, столовый, ас мәзірі бойынша - первый, второй, сок, т.б. көптеген сөздер. Осындай варваризмдер тілімізді шұбарлап, сөздік қорымыздың жұтандауына, сөйлеу мәдениетіне орасан нұқсан келтіреді.

Қазақ тілінде варваризмді қолданудың әр түрлі жолдары бар:

1) Кейде бір халықтың шынайы өмірін, тұрмыс-салтын суреттеп көрсетпек болғанда, сол елдің ұлттық ерекшелігін бейнелеу мақсатымен варваризм саналы түрде, әдейі қолданылады. Мысалы: доллар, франк, сэр, мадам т.б.

2) Тыңдаушыға ерекше әсер етіп, күлдіру үшін халық ақындары да варваризмді ұтымды пайдаланған. Мысалы,

Астыма мінген атым *генадушка*,
Шабамын көңіл ашып *немношка*,
Не стоит, на свете жить етуге

Азырақ ойнап-күлмей *молодушка*, - *деп келетін* халық әні «Он алты қызды» осындай мақсатта туған көңілді әндердің қатарына жатқызуға болады.

3) Өзге тілдердегі сөздерді сөзбе-сөз аударуға қиынға түскен жағдайда, варваризмдер сол қалпында ешбір өзгертілмей алынады. Мысалы, Абай

шығармаларында қазақ тіліне сіңбеген мынадай орыс сөздері көп кездеседі: визит, виноват, военный, образование, уезный, начальник, назначение, закон т.б.

4) Варваризмдер кейде қоғамдағы жағымсыз типтерді халыққа мазақ етіп келемеждеу үшін де қолданылады: тупой, пьяншік, бомж.

5) Ана тілін білуге мән бермей, оған жүрдім-бардым қарайтын тіл шұбарлаушылар қолданысындағы варваризмдер. Мысалы, звонить еттім, магазине бар, желаниям жоқ, давай өйтейік, давай бүйтейік, пока.

Осы мысалдар сияқты тіл нормаларының сақталмауы қазіргі жастар арасында жиі тыңдалатын әндерде де белең алып бара жатқаны қынжылтады. Мұндай құбылысқа ашық қарсылық білдіруіміз қажет. Соңғы жылдары айтуға жеңіл, секіріп билеуге ыңғайлы арзанқол әндер көбейгені рас. Қазақ әндерінің «сөз арасы бөтен сөзбен былғанбағаны» абзал. Халқымыздың ғасырлар бойы жинақталып келген інжу-маржанға толы ән қазынасы бұдан әрі де мағынасы елжандылыққа, қазақы болмысқа, патриотизмге, таза сезімге, адалдыққа тәрбиелейтін әндермен толығыуы керек. Тілі шұбарланған мұндай әндер тіліміздің тазалығына орасан нұқсан келтіргені былай тұрсын, жастарды оны қалыпты жағдай сияқты қабылдауға үйретеді, тіпті ән айтылған сайын тілдегі осындай келеңсіздікті насихаттайды. Тілі шұбарланған мұндай әндерді еліміздің танымал әншілері де орындап жүр. Солардың бірі – Әйгерім Қалаубаева. Оның соңғы шыққан әндерінің бірі - “Әкеме айтшы, мама”. Бұл әннің қайырмасының мәтіні мынадай:

Әкеме айтшы, мама,
Жіберсін вечерге!
Жас емеспін мен енді,
Қорқады несіне?

Бұл әндегі «вечер» сөзі қайырма сайын айтылады, оның «кеш» деген баламасы бар, сондықтан оның орнына, жай ғана «жастар кешіне» деген сөзді қолдануға болатын еді ғой! «Алау» тобы айтатын «Гүл әпше» әні ше? Сауатсыз жазылған әннен үзінді келтірейік:

«Гүл әпшем-ау, Гүл әпшем,
Бақытты боп жүр, әпше.

Ты красавица вообще.» Осындай әнде қандай мән болады? Варваризмдермен күресуіміз керек және оны тіл тазалығы үшін күрес деп түсінуіміз керек.

Қазақ тілінің әлі күнге дейін қоғамдық өміріміздің барлық саласында үстемдік ете алмай отырғанына зиялы қауым өкілдері де өз қынжылыстарын ашық айтып жүр. Мәселен, академик Мұхтарбай Өтелбаев қазақ тілінің іс жүзінде мемлекеттік тіл бола алмай отырғанын айта келе, «менен «сіз үшін ең басты мәселе не?» деп сұрасаң, мен осы біздің қазақ қазақ болып қала ма, қалмай ма деген мәселе дер едім... Маған бірінші кезекте қазақтың қазақ болғаны керек. Біздің қазіргі жағдайда «Қазақстанда өмір сүріп жатырмыз» деп айтуға моральдық хақымыз жоқ. Өйткені, қазақ тілі іс жүзінде мемлекеттік тіл бола алмай отыр әлі. «Мемлекеттік тілді білмейтін адам мемлекеттік қызметке тұра алмайды» десек, бұл мәселе шешіліп қалар еді» деген болатын [9]. Өз сөзінде ғалым мынадай статистиканы келтіреді: 1989 жылы, кеңес өкіметі құлардың алдында республикамыздағы қазақтың аузынан шыққан сөздің орташа есеппен 80 пайызы қазақша еді, ал, қазір бұл көрсеткіш 50 пайызға жетер-жетпес Варваризмнің тілімізге етене еніп бара жатқанын осы мысалдан-ақ анық байқауымызға болады.

Ана тіліміздің болашағы баршамыздың қолымызда екенін жасына қарамай әр қазақ жан тәнімен түсінуі керек. Біз үшін дүниедегі ең асыл жан - анамыздың атымен аталатын ана тілімізге біздің құрметіміз де лайықты болуы қажет. «Тілі жоғалған халықтың өзі де жоғалатынын» естен шығармайық. Әлем таныған ел болу үшін ана тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Бұл – біздің басты перзенттік парызымыз.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өмірдің барлық саласында үстемдік етіп, кез-келген ортада күнделікті қатынас тіліне айналады. Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйымдастыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі» [10] деп нық сеніммен айтқан болатын. Бұл міндеттің жүзеге асуы біз бен сіздің ана тілімізге шынайы қамқорлығымыз бен жанашырлығымызға, осы жолдағы қарекетімізге байланысты.

Қорыта келгенде, тіл мәдениетін сақтап, таза сөйлеу үшін тілші ғалымдардың мынадай қарапайым кеңестерін ұстануды ұсынар едік:

- ✓ Өз сөзіңізге мұқият қараңыз, алқалы жиынның, аудиторияның алдында сөйлеуге тиянақты дайындалыңыз, сөзіңізге бөгде сөздер араластырмауға тырысыңыз;
- ✓ Жатық әрі таза сөйлейтін адамдармен көп араласыңыз;
- ✓ Сапалы әдебиеттерді көбірек оқуға ұмтылыңыз;
- ✓ Өз құрбыларыңыздың сөзіне мұқият назар аударыңыз, олардың тілдік қателіктерін мейлінше сыпайылық сақтай отырып түсіндіріп, түзетуге тырысыңыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары / М. Балақаев. – Алматы: «Ғылым», 1984. – 138 б.
2. Кәленбаева З. Сөйлеу мәдениеті жұтап барады /З. Кәленбаева // «Ақтөбе» газеті. – 2016. – 17 тамыз.
3. Нұрғали Ж. Сөзін жоғалтқан ұрпақ өсіп келеді /Ж. Нұрғали // ABAI.kz ақпараттық порталы. – 2009. – 1 шілде.
4. Акимбекова Г. Сөйлеу мәдениетіне мән берсек / Г. Акимбекова // «Ана тілі» Ұлт газеті. – 2014. – 28 тамыз.
5. Салқынбай А. Сөйлеу тіліміздің тазалығы қандай?/ А. Салқынбай //«Ана тілі» Ұлт газеті. – 2010. – 13 мамыр.
6. Шүленбаев Н. Тіл мәдениеті және оның бағыттары / Н. Шүленбаев // «Ана тілі» Ұлт газеті. – 2017. – 6 қаңтар.
7. Нурпейсова Г.Т. Сленгтердің пайда болу тарихы / Г.Т. Нурпейсова // Қазақ Қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2011. – № 5 (6). – 140-144-б.
8. Абраш А., Бейсе Н., Калымбетова Н.П. О словообразовательных моделях сленговых выражений казахской молодежи / А. Абраш, Н. Бейсе, Н.П. Калымбетова // Научное сообщество студентов XXI столетия. Гуманитарные науки: сб. ст. по мат. XV междунар. студ. науч.-практ. конф. – 2010. – № 15. URL: [http://sibac.info/archive/guman/9\(12\).pdf](http://sibac.info/archive/guman/9(12).pdf) (қаралған күні: 01.03.2018)
9. Қазақ үні. Ұлттық портал // Gazaguni2000@mail.com 22.02.2017
10. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы / Н.Ә.Назарбаев //Ақиқат. – 2013. – № 1. – 5-б.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются актуальные вопросы речевой культуры современной казахской молодежи. Авторами описаны особенности речи современной молодежи, которые отличаются от общепринятой речевой нормы, на конкретных примерах анализируются различные отклонения от литературной нормы языка в устной и письменной речи, выявлены причины употребления молодежью ненормированной лексики, как сленг, жаргоны, варваризмы.

RESUME

Article considers topical issues of the speech culture among modern Kazakh youth. The authors describes the features of the speech of modern youth which differ from the generally accepted speech norm, different deviations from the literary norm of the language in oral and written speech are analyzed on specific examples, the reasons for the use of non-standardized vocabulary by young people such as slang, jargon, barbarianism.

ӘОЖ: 323:392

Л.А.Сбитникова, студент

Г.Г.Каржауова, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы, ҚР.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

Аннотация

Мақалада халықтың өзінің бойында атадан балаға ұласып келе жатқан, күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, күнделікті тыныс-тіршілікте қоғамның дамуында айқын көрініс беріп келе жатқан, тек сол ұлттың өзіне ғана тән ұлттық құндылықтары болатыны баяндалады.

Түйін сөздер: халық тәрбиесі, рухани жаңғыру, рухани мұра, ұлттық құндылықтар, рухан жаңғыру идеясы, ұлттық код, ұлттық болмыс.

Адамды өмірге, қоғамдық ортаға, уақытқа ақыл парасатымен, білімімен бейімдейтін – ұлттық қасиетер мен құндылықтар. Атап айтсақ ұлттық сана, тарихи білім, ұлттық тәрбие, имандылық, тектілік және т.б. Бұлар жеке адамды қоғаммен, бүтін бір ұрпақты ұлттық негізімен біріктіреді. Бұлардан кол үзген адам рухан жаңғырудың биігіне жете алмайды. Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу.... Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі плюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» - дейді.

Әрбір халықтың өзінің бойында атадан балаға ұласып келе жатқан, күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, күнделікті тыныс-тіршілікте қоғамның дамуында айқын көрініс беріп келе жатқан, тек сол ұлттың өзіне ғана тән ұлттық құндылықтары болады. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»-деген болатын. Қазақ халқының ең үлкен тарихи құндылығы ол Отан сүйгіштігі, қазақтың осы қасиетін ұлттық патриотизмі деуге болады. Ұлттық патриотизм туған жерін, елін сүюден, өз ұлтын шексіз қадірлеуден, құрметтеуден тұрады. Қазақтың бойында қалыптасқан осы дәстүрлер атадан балаға қалып келе жатқан ұлттық ерекшелік, ұлттық дәстүр деп айтуға да болады.

Қазақтың ұлан-ғайыр даласын мекендеп, оны жан-тәнімен қорғап ұрпағына қалдырған ата-бабамыздың асыл қасиеті отансүйгіштік, елін, халқын қадірлеу әрбір